

МЕМОРАНДУМ

құқықтық қызмет Орталығының қызметіне қатысты мәселелердегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы

Біздер, Ақтөбе облысы Әкімдігінің, прокуратураның, Ішкі істер департаментінің, Ішкі істер департаменті жергілікті полиция қызметінің, Құқықтық статистика және арнайы есеп Комитеті Басқармасының, Әділет департаментінің, Ақтөбе облысы адвокаттар алқасының (*бұдан әрі - адвокаттар алқасы*) және Батыс-Қазақстан медиация және келіссөз процесі Орталығының өкілдері (*бұдан әрі - Қатысушылар*) Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Ішкі істер органдары туралы», «Әділет органдары туралы», «Адвокаттық қызмет туралы», «Медиация туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарын басшылыққа алып, өз құзыреттілігіміз бен өкілеттілігіміздің шегінде келісімге келдік және төмендегідейлер туралы осы Меморандумды жасадық.

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты – Ақтөбе облысының тұрғындарына кең спектрлі құқықтық және өзге де қызмет түрлерін көрсету және билік пен тұрғындардың тиісті деңгейдегі өзара әлеуметтік іс-қимылын қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару деңгейін арттыру үшін құқықтық қызмет Орталығын (*бұдан әрі - Орталық*) құру және оның қызметі бойынша бірлескен және келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыру болып табылады.

2-бап

Қатысушылар өзара іс-қимылды дамытуға келесідей жолдармен қолдау жасайды:

- «бір терезе» қағидасы бойынша жеке және заңды тұлғаларына жеке қабылдау жүргізу, олардың өтініштерін қарауға қабылдау, тұрғындарға кеңестік көмек көрсету;

- жекелеген тіршілік әрекеті салаларында (*денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлік және т.б.*) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдауды ұйымдастыруға бағытталған қосымша шаралар жүргізу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді орындау;

3-бап

Қатысушылар құзыреттіліктері шегінде ынтымақтастықты келесідей қағидалар бойынша жүзеге асыруға ниетті:

3.1. Әкімдік, ПД, Әділет департаменті, ПД ЖПК, ҚСЖАЕКБ:

- өз қызметкерлерін тұрғындарға кеңестік көмек көрсету, азаматтар мен заңды тұлға өкілдерінің өтініштерін қабылдау үшін Орталыққа бөледі және жібереді;

- көрсетілетін қызмет түрлерінің стандарттарын анықтайды және бекітеді;

- жеке және заңды тұлғаларының өтініштерін қабылдау мен қарау механизмін әзірлейді.

3.2. Адвокаттар алқасы:

- өз мүшелерін ақысыз негізде заңгерлік қызмет түрлерін көрсету үшін Орталыққа бөледі және жібереді (*кестеге сәйкес*);

- көрсетілетін қызмет түрлерінің стандарттарын анықтайды және бекітеді;

- құқықтық мәселелер бойынша ауызша түрде кеңестер мен анықтамалар береді.

3.3. Медиация орталығы:

- медиаторларды ақысыз негізде медиация бойынша қызмет түрлерін көрсету үшін Орталыққа бөледі және жібереді (*кестеге сәйкес*);

- тұрғындарға психолог және медиация бойынша қызмет түрлерін көрсетеді;

- көрсетілетін қызмет түрлерінің стандарттарын анықтайды және бекітеді.

3.4. Прокуратура:

- Орталықтың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

- «Орталық туралы» Ереже мен оның жұмыс реттемесін (регламентін) әзірлейді және бекітеді;

- Орталықтың жұмысына тартылған мемлекеттік органдар мен өзге де мекемелердің тізбесін анықтайды;

- құқықтық қызмет көрсететін Қатысушыларға жұмыс орнымен жабдықталған үй-жайлар ұсынады;

- қатысушылардың жұмысы үшін қажетті өзге де жағдайлар жасайды;

- тұрғындарға кеңестік көмек көрсетеді, азаматтар мен заңды тұлға өкілдерінің өтініштерін қабылдауды жүзеге асырады;

- көрсетілетін қызмет түрлерінің стандарттарын анықтайды және бекітеді.

4-бап

Меморандумның ережелерін қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Қатысушылар оларды бірлескен кеңестер ұйымдастыру арқылы шешеді.

5-бап

Осы Меморандумға Қатысушылардың екі жақты келісімі бойынша, аталған Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Меморандум оған қатысушылармен қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

7-бап

Меморандум белгісіз мерзімге жасалды және Қатысушылардың бірі келесі Қатысушыға Меморандумның әрекетін тоқтату ниеті туралы туралы жазбаша түрде мәлімдеме жазған уақытқа дейін қолданыста болады. Бұндай жағдайда, Қатысушылардың бірімен жазбаша түрдегі тиісті мәлімдеме жолданған күннен бастап, 10 (он) күн өткен соң, Меморандумның іс-әрекет етуі тоқтатылған болып есептеледі.

Меморандум Ақтөбе қаласында «___»_____2017 жылы төрт данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

Қатысушылардың қолдары:



Ақтөбе облысының
әкімі

Б. Сапарбаев



Ақтөбе облысының
прокуроры

И. Әбдіров



Ақтөбе облысының
ІІД басшысы

М. Абисатов



Ақтөбе облысы бойынша
ҚСЖАБАҚБ бастығы

С. Әбденов



Ақтөбе облысының
ІІД ЖІК бастығы

Қ. Жақсығалиев



Ақтөбе облысы бойынша
Әділет департаментінің
басшысы

Б. Беркімбаев

Ақтөбе облысының
адвокаттар алқасының
төрағасы

Р. Якубенко



Батыс-Қазақстан
медиация және келіссөз
процесі Орталығының
директоры

А. Куртаева